

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
 2008 ж. 05 айының 27 күні
 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
 ҚАЛПАҒЫН АЛУ
 № 43819-1910 АҚ(шк) қулық
 № 2001 05 11
 Алғашқы тіркеу күні
 Міндетті түрде Юстиция Республикасы Қазақстан
 Республикасының Әділет министрлігінің
 негізінде тіркелген заңдылықтарға
 № 27 01 2008 ж.
 Сандық тұлғаның № 43819-1910 40149
 № 05 11 2001

“ASTEЛ” (АСТЕЛ) ААК
 акционерлерінің жалпы жиналысымен
 БЕКІТІЛГЕН
 (2008 жылдың 23 Сәуір жиналыс Хаттамасы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 ҚУРЫЛТАЙ ҚУЖАТТАРЫН АНГЕЖІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
 ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫМЕН БАНДЫ
 № 7711 БУЙРЫҒЫ
2008 ж. 08 - 05
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 «НЕОБЯЗАТЕЛЬНЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
 В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
 № 08 ПРИКАЗ № 7711 2008 ж.
 № 05 8

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
 ҚУРЫЛТАЙ ҚУЖАТТАРЫН АНГЕЖІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
 ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫМЕН БАНДЫ
 № 21035 БУЙРЫҒЫ
 № 24 09
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 «НЕОБЯЗАТЕЛЬНЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
 В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
 № 24 ПРИКАЗ № 21035 2008 ж.
 № 09 8

КОПИЯ

“ASTEЛ” (АСТЕЛ)
 АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
 ЖАРҒЫСЫ

2
 Қазақстан Республикасы
 Әділет Министрлігі Алматы қаласы
 Әділет Департаменті
 ЗАНДЫ ТУЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
 20 08 ж. «08» 05 жүргізілді.
 БСН 011140001666
 АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
 20 01 ж. «05» 11 жүргізілді.

СМОТРИ
 НА ОБОРОТЕ

**“ASTEL” (АСТЕЛ)
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

ПРЕАМБУЛА

Осы Жарғы бұдан былай «Қоғам» деп аталатын “ASTEL” (АСТЕЛ) акционерлік қоғамының құқықтық мәртебесін анықтайтын құжат болып табылады.

АНЫҚТАМАЛАР

1.1. Осы Жарғыны пайдалану кезінде және төмендегідей «тырнақшаға» алынып жазылған жағдайда осы 1-Бөлімде берілген терминдер мен сөз тіркестері төмендегіні білдіреді:

«акционер»	Осы Жарғының талаптарына келісімін білдіре отырып, осы Жарғының ережелеріне сәйкес акцияларды алып, оларға иелік ететін жеке немесе заңды тұлға;
«бизнес-жоспар»	Бір қаржы жылына жоспарланған қаржы көрсеткіштері мен күтілетін инвестицияларды қамтитын Қоғамның қаржы және инвестициялық даму жоспары;
Қоғамның лауазымды тұлғалары	акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің, оның атқарушы органының мүшесі немесе акционерлік қоғамның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам;
«Қазақстан Республикасының заңдамасы»	Қазақстан Республикасының заң актілері мен басқа нормативтік құқықтық актілері, сонымен қатар Қоғамға немесе оның қызметіне қатысы бар Қазақстан Республикасының республикалық, жерлігілікті немесе өзге де мемлекеттік органдарының актілері, сонымен қатар, бірақ шектелмей Қоғамның қызметіне қатысты қолданылатын Қазақстан Республикасында белгіленген тәртіпте мойындалған және бекітілген халықаралық шарттар мен келісімдер;
«ірі акционер»	Өзара жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзі (бірігіп) Қоғамның дауыс беруші акцияларының он және одан да көп процентіне иелік ететін акционер немесе бірнеше акционер;
«баспа басылымы»	Уәкілетті мемлекеттік органмен белгіленген тираж мөлшері мен оның таралу аумақтарына қатысты талаптарға жауап беретін мерзімді баспа басылымы, оны Қоғам мен оның акционерлері Қазақстан Республикасының Заңдамасына сәйкес міндетті түрде жариялануға тиісті хабарландырулары мен басқа да мәліметтерін жариялау үшін пайдалануға тиісті;
«президент»	Осы Жарғының 12-Бөлімінде белгіленген Қоғамның дара атқарушы органы;
«тіркеу»	Қазақстан Республикасының Заңдамасына сәйкес жүзеге асырылатын Қоғамның дербес заңды тұлға ретіндегі мемлекеттік тіркеуі (қайта тіркеуі);
«реестр»	Қоғам акция ұстаушыларының реестрі;
«акционерлердің жиналысы» («жиналыс»)	осы Жарғының 10-Бөлімінде белгіленген Қоғамның жоғарғы басқару органы;
«директорлар кеңесі»	Осы Жарғының 11-Бөлімінде белгіленген Қоғамның басқару органы;
«теңге»	Қазақстан Республикасының ресми валютасы;
«Жарғы» («осы Жарғы»)	Қоғамның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін белгілейтін осы құжат;
«бағалы қағаздар»	Қоғаммен эмиссияланған акциялар мен басқа да бағалы қағаздар.

аффилирленген
тұлғалар

тәуелсіз директор

миноритарлық акционер

тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге ықпал етуге, соның ішінде жасалған мәмілеге орай, мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. сол акционерлік қоғамның аффилирленген тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланардың алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның сол акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда), сол акционерлік қоғамның аффилирленген тұлғаларына қатынасы жөнінен аффилирленген тұлға болып табылмайтын; сол акционерлік қоғамның немесе ұйымдардың - сол қоғамның аффилирленген тұлғаларының лауазымды адамдарымен бағыныштылығы жағынан байланысты емес; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; сол акционерлік қоғамның аудитору емес және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай аудитор болмаған; сол акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланардың алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі; акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он процентінен азы тиесілі акционер;

- 1.2. Осы Жарғыда кездесетін және Жарғының 1.1.-Бабында белгіленбеген басқа терминдер мен анықтамалар Жарғының өзге Баптарында қолданылған мағынасында пайдаланылады, ал Жарғыда белгіленбеген болса, Қазақстан Республикасының Заңы мен Заңдамасында қолданылатын мағынасында пайдаланылады.
- 1.3. Осы Жарғыда қолданылатын терминдердің мағынасы оларды жекеше немесе көпше түрде қолданған кезде өзгермейді.

2. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2.1. Қоғамның толық атауы:

- қазақ тілінде: “ASTEL” (АСТЕЛ) Акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: Акционерное общество “ASTEL” (АСТЕЛ)
- ағылшын тілінде: “ASTEL” Joint Stock Company

2.2. Қоғамның қысқартылған атауы:

- қазақ тілінде: “ASTEL” (АСТЕЛ) АҚ;
- орыс тілінде: АО “ASTEL” (АСТЕЛ)
- ағылшын тілінде: “ASTEL” JSC

2.3. Қоғамның орналасқан жері болып оның атқарушы органының үнемі қызмет ететін жері табылады, атап айтқанда: Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Мәметова көшесі, 67 үй.

3. ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

- 3.1. Қоғам Қазақстан Республикасының Заңы мен Заңдамасының талаптарына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылады. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады. Қоғам дербес заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының аумағында шетелдің қатысуындағы заңды тұлғаға берілетін барлық құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады.
- 3.2. Қоғам заңды тұлғаның құқығына тіркеуге алынған кезден бастап ие болады. Қоғам осы Жарғы мен Қазақстан Республикасы Заңдамасының ережелеріне сәйкес өзінің қызметін тоқтатпайтын болса, оның құрылу мерзімі шектеусіз болып табылады.

- 3.3. Қоғам Қазақстан Республикасының Заңына, Заңдамасына, осы Жарғыға, бизнес-жоспарға және акционерлердің шешімдеріне сәйкес реттеледі және басқарылады, қызметі жүзеге асырылады.
- 3.4. Қоғамның өзінің акционерлерінің мүлкінен бөлек мүлкі бар және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тән бүкіл мүлкімен жауап береді. Акционерлер Қоғамның қарыздары мен міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Занда қарастырылған жағдайларды есепке алмғанда өздеріне тән акциялардың құны шегінде ғана Қоғамның қызметіне қатысты шығындарға қатырлы болады.
- 3.5. Қоғам оған акционерлермен берілген мүлктің, сонымен қатар өзінің қызметі барысында иеленген мүлктің меншік иесі болып табылады. Қоғам Қазақстан Республикасының Заңы мен Заңнамасына сәйкес өзіне тән мүлікке иелік етеді, пайдаланады және өкімдік етеді. Қоғам мүлкінің көздері болып акционерлермен ақшалай және заттай нысанда салынған салымдары, осы Жарғының 4-Бабында белгіленген Қоғам қызметінен түсетін табыстар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызметтер мен көздерден түсетін табыстар табылады.
- 3.6. Қоғамның фирмалық атауы көрсетілген және Қазақстан Республикасы Заңнамасының талаптарына сәйкес орындалған жеке меншік фирмалық мөрі бар.
- 3.7. Құрылған мақсаты мен қызмет түрлерін атқару үшін Қоғам төмендегілерге құқылы болады:
- 1) өз атынан шарттар, кез келген басқа мәмілелер жасау, мүліктік және мүліктік емес құқықтарды иелену және міндеттерді көтеру;
 - 2) атқарылған қызметінен кіріс алу;
 - 3) сотта арыз беруші және жауап беруші болу;
 - 4) Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құру;
 - 5) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде басқа заңды тұлғаларды құруға және қызметіне қатысу;
 - 6) Сенімхаттар беру және тапсыру;
 - 7) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен қарастырылған тәртіпте санат меншігі объектілерін иелену және пайдалану құқығын иелену және беру;
 - 8) Қазақстан Республикасының аумағында қауымдастықтар мен одақтарға ерікті негізде кіру;
 - 9) Қазақстан Республикасының Заңы мен Заңнамасына сәйкес бағалы қағаздарды шығару және орнықтыру;
 - 10) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен, Заңымен және осы жарғымен қарастырылған басқа да құқықтарды атқару.

4. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ

- 4.1. Қазақстан Республикасының Заңнамасымен атқару үшін тура шектелу немесе тыйым салыну мүмкіндіктерін есепке алмағанда Қоғам қызметінің мәні болып кәсіпкерлік қызмет табылады, ол мыналарды қамтиды:
- 1) Заңды және жеке тұлғаларға электр байланыс және радио байланыс қызметін көрсету (барлығы бірге әрі қарай-байланыс қызметі), сонымен қатар:
 - 1-1) Жергілікті телефон байланыс қызметтерін көрсету;
 - 1-2) қала аралық телефон байланыс қызметтерін көрсету;
 - 1-3) халықаралық телефон байланыс қызметтерін көрсету;
 - 1-4) IP-телефония қызметтерін көрсету (Интернет-телефония);
 - 1-5) Мәліметтерді беру қызметтерін көрсету (соның ішінде, Интернетке кіру қызметтері, санат байланыс желісі қызметтері, кадрлар қайта таратылымымен, пакеттер коммутациясымен және арналар коммутациясымен, телеграф мен телекс байланыс қызметтері, Интернетке кіруге рұқсат беру қызметтері, электронды пошта қызметтері);
 - 1-6) Бөлінген байланысы желісі бойынша телекоммуникациялық қызметтер көрсету;
 - 1-7) Радиожиілік спектрі мен геостационар және төменорбиталық жерсеріктік байланысты қолдануды қарастыратын жерсеріктік байланыс қызметтері, соның ішінде жылжымалы байланыс жерсеріктік қызметтер;
 - 1-8) Ұялы байланыс қызметтерін көрсету (кез келген рұқсат стандартта);
 - 1-9) Мобильді телекоммуникация байланыс қызметтерін көрсету (соның ішінде, жылжымалы радио/радиотелефон, транкингтік және пейжингтік байланыс);

- 1-10) Жеке желісін ұйымдастыру қызметтерін көрсету (байланыс арналарын және желі инфрақұрылым элементтерін жалға беру);
- 1-11) Пошта байланыс қызметтерін көрсету;
- 1-12) Желілер мен байланыс линияларын техникалық пайдалану қызметтерін (соның ішінде, телекоммуникалық жабдықтар, инфрақұрылым желісі элементтері) көрсету;
- 1-13) Теледидар, соның ішінде, бірақ осымен шектелмей, сымсыз, кабельді теледидар және жерсеріктік таратылым;
- 1-14) Қазақстан Республикасының Заңнамасымен қарастырылған қызметтерден басқа да байланыс қызметтерін көрсету;
- 1-15) Кез келген байланыс жабдықтарын, басқа да жоғары технологиялық жабдықтарды, ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізу (сату), инсталляция, техникалық қызмет көрсету;
- 1-16) 4.1 Бабының 2) т. аталған электр байланыс және радиобайланыс желілері мен жүйелерін, ақпараттық жүйелер мен бағдарламалық қамтамасыз етулермен байланысты кез келген жұмыстарды орындау;
- 1-17) байланыс, ақпарат саласындағы жаңа қызметтерді іздеу, жасау, енгізу, пайдалану, телекоммуникациялық және басқа да жоғары технологиялық жобаларды жасау және енгізу;
- 1-18) осы 1) т. 1-1) – 1-16) тармақшаларында аталған жұмыстар мен қызметтерге кез келген қосымша (қосалқы) жұмыстар мен қызметтерді орындау;
- 2) жүйелік интеграция бойынша жеткізу, жұмыстар мен онымен байланысты қызметтер (жабдықты жеткізу, орнату, пайдалануға енгізу), соның ішінде:
 - 2-1) телефон станциялары мен жүйелері;
 - 2-2) компьютерлік жергілікті (және ауқымды) желілер мен компьютерлік жабдықтар;
 - 2-3) бейнеконференция жүйелері;
 - 2-4) радиожүйе байланыс;
 - 2-5) кабельді желілер мен жүйелер;
 - 2-6) күзет сигнализациясы жүйелері;
 - 2-7) өрт сигнализациясы жүйелері;
 - 2-8) кіруге рұқсатты бақылау жүйелері;
 - 2-9) энергиямен жабдықтау және үздіксіз қоректендіру жүйелері;
 - 2-10) бағдарламалық қамтамасыз ету;
 - 2-11) климаттық параметрлерді бақылау және тұрақтандыру жүйелері;
 - 2-12) ақпараттық жүйелер;
- 3) Осы тармақтың 1-1)-1-16) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлеріне сәйкес келетін және технологиялық байланыста болатын сәулет саласындағы жұмыстарды (қызметтерді) орындау, қала салу және құрылыс қызметі, соның ішінде:
 - 3-1) инженерлік зерттеулер өткізу;
 - 3-2) сейсмикалығы жоқ аймақтарда, және сейсмикасы 7 баллдан асатын аймақтарда, құрылысқа арналған жоба жұмыстарын орындау және қала салу құжатнамасын жасау (қуатты сақтау, телекоммуникация мен байланыс сызбаралы);
 - 3-3) инженерлік жүйелер мен жиелерді (0,4 кВ дейін, және аз қуатты құралдар, технологиялық процесстерді автоматизациялау);
 - 3-4) байланыс ғимараттар мен имараттарды технологиялық жобалау (жергілікті радио, телекоммуникация және байланыс жолдары);
 - 3-5) байланыс ғимараттары мен имараттарын, соның ішінде байланыс, радио, теледидар жолдарын, жалпы республикалық байланыс жолдары мен телекоммуникацияларын, сондай-ақ халықаралық байланыс жолдары мен телекоммуникацияларын технологиялық жобалау;
 - 3-6) сараптық жұмыстарды, қазіргі бар ғимараттардың, имараттар мен жүйелердің сенімділігі мен беріктілігін бағалау жұмыстары;
 - 3-7) құрылыс материалдарын, бұйымдары мен құрылымдарын шығару (сертификацияланатын бұйымдардан басқа) техникалық металлконструкциялары және олардың радио, коммуникациядағы және байланыстағы бөлшектері;
 - 3-8) құрылыс материалдарын, мұнара-діңгек типті құрылымдарды, түтін құбырларын, көпірлер мен көпір аралықтарын, техникалық металл құрылымдарын және олардың бөліктерін құрылыстық жобалау және шығару (капиталды жөндеу үшін жобалау құқығымен темір

- және алюминий құрылымдары, ғимараттарды реконструкциялау, осы қызметке жататын ғимараттарды күшейту);
- 3-9) байланыста, телекоммуникацияда және телевизияда құрылыс – монтаждік жұмыстарын қызмет ету (сейсмикасыз және сейсмикасы 7 баллдан асатын аймақтарда);
 - 3-10) байланыста, телекоммуникацияда және телевизияда кез келген меншік деңгейіндегі ғимараттар мен имараттардың көтеру және қоршау құрылымдарын көтеру (металл конструкцияларды, арматураларды құрастыру);
 - 3-11) грунттарда, байланыс жолдарында, телекоммуникацияда және радиода, байланыс және телекоммуникация жолдарында арнайы құрылыс және жинақтау жұмыстарын орындау (жалпы Республикалық және халықаралық байланыс жолдары);
 - 3-12) сыртқы инженерлік желілер мен жүйелерді, соның ішінде байланыс, радио, теледидар желілерін орнату жұмыстарын орындау (қуатты сақтау жиелері, жарық құру құралдыры, қуатты жеткізу, электржарықтар, электржылыту);
 - 3-13) ішкі инженерлік жүйелерді, соның ішінде байланыс, радио және теледидар жүйелерін орнату жұмыстарын орындау;
 - 3-14) байланыс, радио және телекоммуникация жүйелерінің құрылымдар мен жабдықтарды қорғау жұмыстарын орындау;
 - 3-15) байланыс, радио және телекоммуникацияда кез келген жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен имараттарды құрылыс, қайта құрылымдау, күрделі жөндеу кезіндегі әрлеу жұмыстарын орындау;
 - 3-16) технологиялық жабдықтарды, соның ішінде байланыс, сигнализация, технологиялық металл құрылымдарды, электртехникалық құрылғылар мен жабдықтарды, өндірістік, тұрмыстық мәндегі байланыс жабдықтарын бақылау және есепке алу құралдарын жинақтау;
 - 3-17) технологиялық жабдықтарды іске қосу-жөндеу жөніндегі кез келген жұмыстарды, соның ішінде бақылау аппаратурасы мен жүйелерін, аварияға қарсы қорғану, сигнализация, байланыс құрылғылары мен жабдықтарын, технологиялық металл құрылымдарды, электр техникалық қондырғылар мен жабдықтарды, өндірістік және тұрмыстық мәндегі бақылау және есепке алу құралдарын, байланыс жабдықтарын шығару;
 - 3-18) кез келген жауапкершілік деңгейіндегі ғимараттар мен имараттарды күрделі жөндеу және қайта құрылымдау кезінде жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындау;
 - 3-19) байланыс, радио және телекоммуникацияме теледидар ғимараттарды, имараттарды қайта құрылымдау жұмыстарын орындау, құрылымдарды күшейту;
 - 3-20) проекттердің арнайы бөлімдерін құру (жұмысты сақтау, өрт-сақтау сигнализациялары, автоматика, жаңа құрылысты жобалау кезінде өртті сөндіру және өрттен сақтандыру жүйелері, ғимараттар мен имараттарды капиталды жөндеу, ғимараттарды қайта құрылымдау немесе қайта құру, құрылыс және құрылыс жұмысының жобаларын дайындау);
- 4) инжинрингтік қызметтер көрсету, соның ішінде конкурстарға, жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу сауда-саттықтарына қатысу үшін құжаттарды әзірлеу;
 - 5) кеңес беру қызметтерін, 4.1 Баптың 1)-4) т. аталған қызмет салаларында оқыту және біліктілікті көтеру қызметтерін көрсету;
 - 6) сыртқы экономикалық қызмет көрсету, соның ішінде Қазақстан Республикасының Заңдамасына сәйкес 1)-5) Баптарда аталған қызмет түрлерін атқару үшін сыртқы экономикалық қызметті атқару;
 - 7) 4.1. Баптың 1)-6) т. аталған қызмет түрлеріне қатысты қосалқы болып табылатын кез келген басқа қызмет түрін атқару;
 - 8) Қазақстан Республикасының Заңдамасымен тыйым салынбаған, басқа да аталмаған кез келген қызмет түрін атқару.
- 4.2. Акционерлер 4.1 Баптарда сипатталғандай қызмет мәні немесе өзге де қызмет мәні осы Жарғы мен Заңға сәйкес Қоғамның сәйкес басқару органының шешімімен ұлғайтыла алады немесе кеңейтіле алады.
- 4.3. Тізімі Қазақстан Республикасының Заңдамасымен белгіленген жеке қызмет түрлерін Қоғам Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарымен берілетін лицензиялар мен рұқсаттардың негізінде ғана жүзеге асыра алады.

5. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

- 5.1. Акционерлердің келесі құқықтары бар:
 - 5.1.1. Қазақстан Республикасының Заңымен, Заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға және оның қызметіне қатысу;
 - 5.1.2. Дивиденд алу;
 - 5.1.3. Қоғамның қаржы-экономикалық жағдайы мен қызметіне қатысты мәліметтерді және акционерден акционерлердің жиналысымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте сұратыла алатын өзге де толық мәліметтерді алу, Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес жүргізетін Қоғамның құжаттарына әдеттегі жұмыс уақытында қол жеткізу және олардың көшірмелерін жасау;
 - 5.1.4. реестрден акционердің акцияларға қатысты меншік құқығын растайтын үзінді жазбаларды алу;
 - 5.1.5. Қоғам акционерлерінің жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлауға арналған кандидатураларды ұсыну;
 - 5.1.6. сот тәртібінде Қоғамның басқару органдарымен қабылданған шешімдерді даулау, Қоғамның басқару органдары Қазақстан Республикасы Заңының, Заңнамасының, Жарғының нормаларын бұзатын әрекеттерді жасаған жағдайда өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін өзге мемлекеттік органдарға жүгіну;
 - 5.1.7. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныс жасау және осы Жарғымен келіп түскен сұранысқа өзге жауап алу мерзімі белгіленбеген болса, Қоғамға сұраныс келіп түскен сәттен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауап алу;
 - 5.1.8. Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне;
 - 5.1.9. өзінің акцияларын өзге акционерлерге беру және осы Жарғыға, Қазақстан Республикасының Заңы мен Заңнамасына сәйкес оларға өзге де түрде өкімдік ету;
 - 5.1.10. Заңмен белгіленген тәртіпте Қоғамның акциялары мен оның акцияларына конверсияланатын өзге де бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу;
- 5.2. Ірі акционердің сондай-ақ келесі құқықтары бар:
 - 5.2.1. Акционерлердің кезектен тыс жиналысын шақыруды талап ету немесе директорлар кеңесі акционерлердің жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда сотқа оны шақыру туралы арыз беру;
 - 5.2.2. директорлар кеңесіне Заңға сәйкес акционерлер жиналысының күнтізбесіне қосымша сұрақтарды енгізуді ұсыну;
 - 5.2.3. директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
 - 5.2.4. аудиторлық ұйымнан Қоғамның аудитін өз есебінен өткізуді талап ету;
- 5.3. Акционерлер осы Жарғымен, Заңмен, Қазақстан Республикасының Заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы. Акционерлердің осы Жарғының 5.1 және 5.2.-Баптарымен белгіленген құқықтарын шектеуге рұқсат етілмейді.
- 5.4. Қоғам Акционерінің міндеттері:
 - 5.4.1. Заңмен және осы Жарғымен қарастырылғандай өзінің акцияларын төлеу;
 - 5.4.2. Қоғамды осы Жарғымен және Заңмен қарастырылған жағдайларда өзіне тән акцияларды сату жөніндегі ірі мәмілелерді жасау ниеті туралы хабарландыру;
 - 5.4.3. Он (10) күннің ішінде реестр ұстаушыны Қоғамның акция ұстаушыларының реестрін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруіне алып келетін және акционердің құқықтарының туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына алып келетін кез-келген оқиғалар және/немесе әрекеттер туралы хабарландыру;
 - 5.4.4. Қоғамның қызметі туралы Қоғамның өзінің, оның әріптестерінің немесе өздерімен байланысқан үшінші тұлғалардың қызметтік және коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтерді жарияламау.
- 5.5. Акционердің құқығы осы Жарғымен тура қарастырылмаған немесе Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес ресімделген осы өкілеттікке арнайы негізделмеген болса ешбір акционер өзге акционердің немесе Қоғамның атынан әрекет етуге құқы жоқ.

6. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Қоғам өз қызметі туралы информацияны жариялау үшін периодтық баспана басылымдарын және (немесе) Интернет желісіндегі WEB-сайттарды қолданады.

6.2. Қоғам өз қызметі туралы информацияны, тиражы он бес мың данадан көп, Қазақстан Республикасының бүкіл территориясында таратылатын периодтық баспа басылымдарда жариялауы тиіс;

6.3. Кез келген информацияны Интернет желісінде жариялау үшін Қоғам өз WEB-сайтын (www.astel.kz) немесе кез келген басқа сайтты қолданыла алады. WEB-сайттың сервері Интернет желісіне азында 512 Kbit/sec жеткізу жылдамдығымен бар байланыс жолы арқылы қосылуы тиіс. WEB-сайт бетінің графика мен басқа элементтермен толық болуына тәуелді, Интернетке информацияны 32 Kbit/sec жылдамдығымен тасымалдайтын каналға қосылған қолданушының кез келген беттің енгізу уақыты 10 секундтан аспау керек. Кез келген жариялар WEB-сайтта орналасқан уақыты бір айдан аз болмауы тиіс.

WEB-сайтта жариялардың орналасқан күні және уақыты көретілуі керек.

7. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫНЫҢ ӨЗ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ТАБЫС ЕТУ ТӘРТІБІ

7.1. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті қоғамға табыс етуге міндетті.

7.2. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін уәкілетті органға ол белгілеген тәртіппен табыс етуге міндетті.

7.2.1. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін уәкілетті органға Қазақстан Заңнамасы белгіленген тәртіпте табыс етеді.

7.2.2. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін қағаз және электрон (электронды таблица Excel-файл) тасымалдаушыларында арыз хаттамасымен бірге 1 қаңтар, 1 сәуір, 1 маусым, 1 қазан күйдегідей сәйкес жауапты жылдың 31 қаңтар, 31 сәуір, 31 маусым, 31 қазан күндеріне дейін табыс етуге тиіс.

7.2.3. Уәкілденген орган Қоғам аффилиирленген тұлғалары туралы информацияны өз ресми WEB-сайтында жариялау арқылы ашады, немесе оны қызықтанатын тұлғалар арыздары бойынша ашады.

8. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

8.1. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер Қоғамның ақшасымен немесе бағалы қағаздарымен төленеді, бірақ дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жиналысында Қоғамның дауыс беруші акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылдануға тиіс. Қоғамның акциялары бойынша дивидендті оның бағалы қағаздарымен төлеуге ондай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және акционердің жазбаша келісімімен оның шығарылған облигацияларымен жүзеге асырылатын болса ғана рұқсат етіледі.

8.2. Дивиденд алуға құқы бар акционерлердің тізімі дивиденд төлемі басталатын күннің алдындағы күні құрастырылуға тиіс.

8.3. Қоғамның басқару органдарының құзіреттеріне сәйкес қабылданған шешімі бойынша Қоғамның акциялары бойынша дивиденд төлеу жыл нәтижесі бойынша жүзеге асырала алады.

8.4. Қоғаммен орнықтырылмаған немесе өзімен сатып алынған акциялары бойынша дивиденд есептелмейді және төленбейді. Қоғамның акциялары бойынша дивиденд төлеуге Заңмен белгіленген өзге жағдайларда да рұқсат етілмейді.

8.5. Акционер Қоғамдағы қарыздардың құрылу мерзіміне тәуелсіз алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы. Дивидендтерді белгіленген төлем мерзімінде төлемеген жағдайда акционерге дивидендтің негізгі сомасы мен өсімақы төленеді. Өсімақы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемені немесе оның сәйкес бөлігін орындайтын күнгі ресми қайта қаржыландыру ставкасына орай есептеледі.

8.6. Жыл нәтижесіне орай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық жиналысымен қабылданады. Ондай шешімді қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ол баспа басылымында жариялануға тиіс. Акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешімде –Заңмен қарастырылған мәліметтер қамтылуға тиіс. Акционерлердің

жиналысы акциялар бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы және ол туралы баспа басылымында шешім қабылдаған күннен бастап он күннің ішінде міндетті түрде жариялауға тиіс.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

9. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

9.1. Қоғамның басқару органы болып мыналар табылады:

- 1) Жоғарғы орган-акционерлердің жиналысы;
- 2) Басқару органы-директорлар кеңесі;
- 3) Атқарушы орган-президент

9.2. Қоғамның әрбір басқару органы оған Заңмен және осы Жарғымен берілген өкілеттік шегінде әрекет етеді.

10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖИНАЛЫСЫ

10.1. Акционерлердің жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

10.2. Жылдық жиналыста Қоғамның жылдық қаржы есебі бекітіледі, өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі мен бір акцияға қатысты дивиденд мөлшері белгіленеді. Жылдық жиналыс шешімдері өзінің құзіретіне жатқызылған өзге де сұрақтарды қарастыруға құқылы.

10.3. Жылдық жиналыс қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес айдың ішінде өткізілуге тиіс. Көрсетілген мерзім Қоғамның аудитін есеп беру кезеңінде аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылды деп есептеледі.

10.4. Акционерлер жиналысының ерекше құзіреті. Акционерлердің жиналысының ерекше құзіретіне келесі сұрақтар жатады:

- 1) Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Қоғамды ерікті қайта құру және тарату;
- 3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) Санақ комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және өклеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен төлем талаптарының белгілеу;
- 6) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 7) Жылдық қаржы есебін бекіту;
- 8) Қоғамның есеп беру қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін белгілеу, жәй акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және жыл нәтижесі бойынша Қоғамның бір жәй акциясына қатысты дивиденд мөлшерін бекіту;
- 9) Заңмен қарастрылған жағдайлар туындаған жағдайда Қоғамның жай және артықшылығы бар акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 10) Қоғамға тән барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру жолымен өзге заңды тұлғаларды құрып, олардың қызметіне Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 11) Қоғамның ірі мәмілелерді және Қоғам қызығушылық танытатын мәмілелерді жасауы туралы шешімдерді бекіту;
- 12) Қоғамның міндеттемелерін жеке меншік капиталының жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғамның акционерлерді акционерлердің жиналысының шақырылатындығы туралы хабарландыру нысанын белгілеу және ондай мәліметтерді баспа басылымында жариялау туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғам акцияларды сатып алатын кезде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздардың рыногы туралы Заңнамасына сәйкес олардың құнын белгілеу әдісін бекіту;

- 15) Акционерлердің жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 16) Акционерлерге Қоғамның қызмет туралы мәліметтерді ұсыну тәртібін белгілеу, сонымен қатар ондай тәртіп осы Жарғымен белгіленбеген болса, баспа басылымын анықтау;
 - 17) «алтын акцияны» енгізу және жою;
 - 18) шешімдері Заңмен және осы Жарғымен акционерлер жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған өзге де сұрақтар.
- 10.5. **Шешімдер қабылдау.** Акционерлердің 10.4-Баптың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген барлық сұрақтар бойынша акционерлер жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беруші акциялары жалпы санының маманданған көпшілігімен қабылданады. Заңмен және осы Жарғымен басқаша белгіленбесе, қалған мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысаның шешімдері дауыс беруге қатысатан Қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санының жай көпшілігімен қабылданады.
- 10.6. Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де заң актілерімен шешімі акционерлер жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған сұрақтарды өзге органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің құзіретіне беруге рұқсат етілмейді.
- 10.7. Акционерлердің жиналысы Қоғамның өзге басқару органдарының осы Жарғымен белгіленген құзіреттеріне жататын сұрақтар бойынша кез-келген шешімін ауыстыруға құқылы.
- 10.8. **Жиналысты шақыру тәртібі.** Жылдық жиналыс директорлар кеңесімен шақырылады. Кезектен тыс жиналыс директорлар кеңесінің бастамасы бойынша немесе ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады. Ерікті таралу процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жиналысы Қоғамның тарату комиссиясымен шақырылып, дайындалып, өткізіле алады.
- 10.9. Жиналысты дайындау және өткізу президентпен, тіркеушімен олармен жасалған шарттарға сәйкес, Қоғамның директорлар кеңесімен немесе тарату комиссиясымен жүзеге асырыла алады. Акционерлердің жиналысын шақыру, дайындау және өткізу шығындарын Заңмен белгіленген жағдайларды есепке алмағанда Қоғам көтереді.
- 10.10. **Акционерлердің тізімі.** Жиналысқа қатысуға құқы бар акционерлердің тізімін Тіркеуші реестрдегі мәліметтердің негізінде құрастырады. Акционерлердің тізімін құрастыратын күн жиналысты өткізу туралы шешім қабылдаған күннен ерте белгілене алмайды.
- 10.11. **Акционерлердің жиналысын өткізу туралы мәліметтер.** Акционерлер алда болатын жиналысты өткізу туралы отыз күнтізбе күнінен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беретін кезде- жиналысты өткізгенге дейін қырық бес күнтізбе күнінен кешіктірмей хабарландырылуға тиіс.
- 10.12. Жиналысты өткізу туралы хабарландыру баспа басылымында жариялануға тиіс және (немесе) оған жазбаша хабарландыру жолдау жолымен әрбір акционерге хабарлануға тиіс. Хабарландырулардың мерзім санағы хабарландыру баспа басылымында жарияланған күннен бастап немесе пошталық жөнелтілім күнінен бастап жүргізіледі. Жиналысты өткізу туралы хабарландыруды баспа басылымынан өзге бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қосымша таратуға рұқсат етіледі.
- 10.13. Қоғамның жиналысын өткізу туралы хабарландыруда мыналар болуы керек.
- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
 - 2) жиналысты шақыру бастамасы туралы мәліметтер;
 - 3) Қоғамның жиналысын өткізетін күн, уақыт және жер, жиналысқа қатысушыларды тіркеуді бастайтын уақыт, сонымен қатар бірінші жиналыс болмай қалған жағдайда өткізілуге тиісті болатын қайталама жиналысты өткізетін күн мен уақыт;
 - 4) жиналысқа қатысуға құқы бар акционерлердің тізімін құрастыратын күн;
 - 5) жиналыстың күн тәртібі;
 - 6) Акционерлерді жиналыс күнтізбесінің сұрақтары бойынша таныстыру тәртібі.
- 10.14. **Акционерлердің қайталама жиналысы.** Қайталама жиналысты өткізу акционерлердің бастапқы (болмай қалған) жиналысын өткізуге белгіленген күннің ертесінен ерте тағайындала алмайды. Қайталама жиналыс болмай қалған жиналыстың орнына өткізіледі. Қайталама жиналыстың күн тәртібі болмай қалған жиналыстың күнтізбесінен ерекшеленбеуі керек.
- 10.15. **Акционерлер жиналысының күн тәртібі.** Жиналыстың күн тәртібін директорлар кеңесі жасайды және ол талқылауға салынатын нақты жасалған мәселелердің егжей-тегжейлі тізімін қамтуы керек.
- 10.16. Жиналыстың күн тәртібін ірі акционер немесе директорлар кеңесі толықтыруы мүмкін, бірақ Қоғамның акционерлері осындай толықтырулар туралы жиналыс болатын күнге қалған он бес күннен кешіктірмей хабардар болулары керек.

- 10.17. Жиналыстың күн тәртібі жиналыста танытылған қоғамның дауыс беру акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен бекітіледі. Егер Қоғамның дауыс беру акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызына ие қатысып отырған акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі қолдап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.
- 10.18. Жиналыс сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, жиналыстың күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды. Акционерлердің жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқықсыз.
- 10.19. **Күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар.** Акционерлер жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар олар бойынша негіздемелі шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемді ақпаратты қамтуы керек. Қоғам органдарын сайлау жөніндегі мәселелер бойынша материалдар ұсынылған кандидаттар туралы Заңмен қарастырылған ақпаратты қамтуы керек.
- 10.20. Жылдық жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар Қоғамның жылдық қаржы есебін, жылдық қаржы есебіне жасалған аудиторлық есепті, өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және бір акцияға шаққандағы бір жылғы дивиденд мөлшері туралы директорлар кеңесінің ұсынысын, сондай-ақ жиналысты өткізуге бастамашы болғандардың қалауы бойынша басқа да құжаттарды қамтуы керек.
- 10.21. Жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар акционерлердің танысуы үшін жиналыс болатын күнге дейінгі он күннен кешіктірілмей дайын болуы керек.
- 10.22. **Акционерлер жиналысының кворумы.** Егер акционерлердің жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде акционерлердің тізіміне енгізілген Қоғамның дауыс беру акцияларының елу (50) және одан да көп пайызына ие акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, акционерлердің жиналысы шешім қабылдауға құқықтық қабілетті деп саналады. Егер акционерлердің жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде кворум болмаса, акционерлердің осындай жиналысы болған жоқ деп танылады.
- 10.23. Келесідей талаптар орындалса, болмай қалған жиналыстың орнына акционерлердің қайтадан өтетін жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарастырып, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы:
- 1) кворумның болмау себебіне байланысты жиналысты қайта шақыру тәртібі сақталынса;
 - 2) жиналысқа қатысуға тіркелу аяқталған кезде Қоғамның дауыс беру акцияларының қырық және одан да көп пайызына ие, соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелсе.
- 10.24. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен өзін танытқандар мен Қоғамның жиналысқа қатысушыларын тіркеу кезінде алған бюллетеньдері кворумды анықтау кезінде және дауыс беру қорытындыларын жасау кезінде есепке алынады.
- 10.25. Жиналысты сырттай дауыс беру жолымен өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда жиналыс қайтадан өткізілмейді.
- 10.26. **Санақ комиссиясы.** Қоғамда санақ комиссиясының функцияларын акционерлер жиналысының хатшысы атқарады, ал акционерлердің бірінші жиналысында Қоғамның тіркеушісі осы қызметті атқарады. Акционерлер жиналысының шешімі бойынша санақ комиссиясының функциялары Қоғамның тіркеушісіне жүктелуі мүмкін. Санақ комиссиясының (немесе оның функцияларын атқаратын тұлғалардың) міндеттері мен өкілеттіктері Заңмен анықталады.
- 10.27. **Өкілдер.** Акционер акционерлердің жиналысына өзі немесе өкілі арқылы қатыса алады. Мұндай жағдайда, осындай өкілдің аты мен өкілеттіктерінің көлемі көрсетілген жазбаша нысанда сенімхаты болуы керек. Заңды тұлға болып табылатын акционердің беретін сенімхаты осы заңды тұлғаның мөрімен мен заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасының қолымен бекітілуі керек. Жеке тұлға болып табылатын акционердің беретін сенімхаты нотариалды куәландырылуы керек. Өкілдер тұрақты болады немесе белгілі бір мерзімге тағайындалады. Қоғамның лауазымды тұлғалары акционерлердің жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде әрекет етуге құқықсыз.
- 10.28. Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес немесе акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге және оның мүддесін танытуға құқық беретін шартқа сәйкес белгіленген

тұлғалардан акционерлердің жиналысына қатысу үшін және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беру үшін сенімхат талап етілмейді.

- 10.29. **Акционерлер жиналысын өткізу тәртібі.** Акционерлердің жиналысын өткізу тәртібі Заңға, осы Жарғыға, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін ережелерге және басқа да құжаттарға немесе акционерлер жиналысының тікелей шешіміне сәйкес анықталады.
- 10.30. Акционерлердің жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционерлердің өкілдері осы жарғының 10.27-Бабының талаптарына сәйкес өздерінің өкілеттіктерін растайтын және рәсімделген сенімхаттарын көрсетуге міндетті. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқықсыз.
- 10.31. Кворум болса, жиналыс жарияланған уақытта ашылады. Барлық акционерлер немесе олардың өкілдері тіркеліп, жиналыстың ерте ашылатындығы туралы хабардар болып және осыған қарсы болмаған жағдайдан басқа кездері акционерлердің жиналысы жарияланған уақыттан ерте ашыла алмайды.
- 10.32. Жиналыс төраға (төралқа) мен жиналыстың хатшысын сайлайды. Акционерлердің жиналысы дауыс берудің нысандарына сайлау өткізеді: ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша). Жиналыстың төрағасы (төралқасы) мен хатшысын сайлау туралы дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысып отырғандардың жай көпшілік даусымен қабылданады.
- 10.33. Жиналыс өз жұмысын үзетіндігі туралы, жұмыс мерзімін ұзартатындығы туралы, соның ішінде күн тәртібінің жекелген мәселелерін қарастыруды келесі күнге ауыстыратындығы туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 10.34. Акционерлердің жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелерін қарастырып, олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін ғана оны жабық деп жариялайды.
- 10.35. Жиналыстың хатшысы акционерлер жиналысының хаттамасының толық болуы үшін және шынайы болуы үшін жауапкершілік көтереді.
- 10.36. **Сырттай дауыс беру арқылы жиналысты өткізу.** Акционерлер жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлер жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен қатар (аралас дауыс беру) немесе акционерлердің сырттай дауыс беруі арқылы қолданылуы мүмкін.
- 10.37. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдер реестрлер мәліметтерінің негізінде жасалған акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). Дауыс беруге арналған бюллетень жиналыс болатын күнге дейінгі қырық бес (45) күннен кешіктірілмей жіберілуі керек.
- 10.38. Осы Жарғының 10.4-бабының 1)-3) тармағында аталған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданбайды.
- 10.39. Сырттай дауыс беру кезінде Заңмен қарастырылған барлық талаптар сақталуы керек, дәлірек алғанда:
- 1) күн тәртібінің мәселелері бойынша шешім қабылдау үшін бірдей нысандағы бюллетеньдер қолданылуы керек;
 - 2) дауыс беруге арналған бюллетень Заңмен қарастырылған ақпаратты қамтуы керек;
 - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер- жеке тұлға өзінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетіп, қол қоюы керек. Акционер-занды тұлғаның сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысы қолын қойып, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылуы керек. Акционердің-жеке тұлғаның немесе акционер-занды тұлғаның басшысының қолы, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі қойылмаған бюллетеннің күші жоқ деп саналады;
 - 4) дауыстарды санау кезінде акционерлердің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал варианттарының біреуін ғана белгіленген мәселелер бойынша берілген дауыстар ғана есепке алынады.
 - 5) Егер акционерлер жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелерді қамтиды, сырттай дауыс беруге арналған бюллетень жекелеген кандидаттар үшін берілген дауыстардың санын көрсету үшін ақ шетті қамтуы керек.
- 10.40. Дауыс беруге Қоғамның акционерлер жиналысының қатысушыларын тіркеу кезінде алған немесе акционерлердің жиналысының отырысын өткізбей-ақ шешім қабылданатын жағдайда, дауыстарды санау кезінде алған бюллетеньдері қатысады.

10.41. **Дауыс беру принциптері.** Акционерлердің жиналысында дауыс беру төмендегідей жағдайлардан басқа кездері “бір акция – бір дауыс” деген принцип бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Заңмен қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыс берудің максималды саны шектелгенде;
- 2) Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс бергенде;
- 3) Жиналыста дауыс беруге құқылы әрбір тұлғаға жиналысты өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір-бір дауыстан берілгенде.

10.42. **Дауыс беру ашық әдіс арқылы немесе бюллетеньдер бойынша құпия дауыс беру арқылы өткізілуі мүкін.**

10.43. Егер қатысу тәртібінде өткізілетін акционерлердің жиналысында дауыс беру құпия дауыс беру әдісі арқылы жүзеге асырылатын болса, осындай дауыс берудің бюллетеньдері дауыс беру құпия әдіс арқылы жүргізілетін әрбір мәселе бойынша жасалуы керек. Мұнда қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетень Заңмен талап етілген ақпаратты қамтуы керек.

10.44. Акционердің өзі қол қойғысы келмесе, соның ішінде Заңға сәйкес тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға талап қою мақсатында қол қойғысы келмесе, қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньге акционер қол қоймайды.

10.45. Қатысып құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау кезінде дауыс берушінің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал варианттарының біреуін ғана белгілеген мәселелер бойынша ғана берілген дауыстар есепке алынады.

10.46. **Дауыс беру нәтижелері туралы хаттама.** Санақ комиссиясы немесе акционерлер жиналысында дауыстарды санауға уәкілетті тұлға дауыс берудің қорытындылары бойынша хаттама жасап, оған қолын қояды.

10.47. Дауыс беру қорытындылары жөніндегі хаттама жасалып, акционерлер жиналысының хаттамасына қол қойылғаннан кейін дауыс беруге арналған бюллетеньдер хаттамамен қоса тігіледі және Қоғамның мұрағатына сақтауға тапсырылады.

10.48. Дауыс берудің қорытындылары туралы хаттама акционерлер жиналысының хаттамасына қосылып берілуі керек.

10.49. Дауыс берудің қорытындылары немесе дауыс беру жүргізілген сырттай дауыс берудің нәтижелері акционерлердің жиналысында жарияланады және акционерлер жиналысы аяқталғаннан кейін он (10) күннің ішінде акционерлерге басылымда жариялау арқылы немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберілу арқылы хабарландырылады.

10.50. **Акционерлер жиналысының хаттамасы.** Акционерлер жиналысының хаттамасы ол жабылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей рәсімделеді. Жиналыстың хаттамасында келесілер көрсетіледі:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Акционерлер жиналысының өтетін күні, жері мен уақыты;
- 3) Акционерлер жиналысының күн тәртібі;
- 4) Акционерлер жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлер жиналысына ұсынылған Қоғамның дауыс беру акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 6) Акционерлер жиналысындағы дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлер жиналысының күн тәртібінің дауысқа салынған әрбір мәселесі бойынша акционерлердің дауыстарының жалпы саны;
- 8) акционерлер жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 9) акционерлер жиналысына қатысып, сөз сөйлеген тұлғалар;
- 10) дауысқа салынған мәселелер, олар бойынша дауыс берудің нәтижелері;
- 11) акционерлер жиналысында қабылданған шешімдер.

10.51. Акционерлер жиналысының хаттамасы орыс тілінде, қажет болғанда ағылшын тілінде жасалады (немесе Қазақстан Республикасының Заңнамасымен қарастырылған басқа тілде).

10.52. Хаттамаға акционерлер жиналысының төрағасы (төралқасы), хатшысы, акционерлер жиналысына қатысқан және дауыс беру акцияларының он (10) және одан да көп пайызына ие акционерлер, акционерлер жиналысында дауыстарды санауға уәкілетті тұлға қолдарын қояды. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлғалардың бірі қол қоя алмайтын жағдайда, хаттамаға оның өкілі өзіне берілген сенімхаттың негізінде қолын қояды.

10.53. Акционерлердің барлық жиналыстарының хаттамалары президентте сақталатын хаттамалар кітабына тігіледі және кез-келген уақытта кез-келген акционердің танысуы үшін беріледі. Акционерлердің талап етуі бойынша оларға хаттамалар кітабынан үзінді жазбалар немесе хаттамалардың көшірмелері беріледі.

10.54. **Қоғамның дара акционерінің шешімдер қабылдауы.** Қандай да бір акционер Қоғамның дауыс беру акцияларының барлығына ие болған жағдайда, ол Заңмен және осы жарғымен акционерлер жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді акционерлердің жиналысын өткізбей-ақ Заңмен қарастырылған барлық талаптарды орындап, дербес қабылдауға құқылы.

10.55. Егер Қоғамның дауыс беру акцияларының барлығына ие акционер заңды тұлға болып табылса, онда Заңмен және осы жарғымен акционерлер жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Қазақстан Республикасының Заңнамасына немесе өзіне (өздеріне) берілген корпоративті өкілеттіктерге сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға құқылы осы заңды тұлғаның органы, лауазымды тұлғасы (лауазымды тұлғалары) немесе жұмыскері (жұмыскерлері) қабылдайды.

11. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

11.1. Директорлар кеңесі - акционерлер жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылмаған мәселелерден басқа, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасайтын Қоғамның органы.

11.2. **Директорлар кеңесінің құзыреті.** Директорлар кеңесінің құзыретіне осы жарғыға және Заңға сәйкес келесілерді, осылармен шектелмей, қамтиды:

- 1) Қоғам қызметінің артықшылық бағыттарын белгілеу;
- 2) Заңмен қарастырылған жағдайлардан басқа кездері, акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның акцияларын орнықтыру туралы жарияланған акциялар санының шегінде оларды орнықтыру бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орнықтырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;
- 6) Акциялар бойынша дивидендтерді төлеу және есеп қаржы жылында төленетін дивидендтерден басқа бір акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшерін анықтау;
- 7) Облигациялар мен Қоғамның туынды бағалы қағаздары шығарылымының талаптарын анықтау;
- 8) Қоғамның президентін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қоғамның президентімен жеке еңбек шартын жасау;
- 9) Қоғам президентіне берілетін лауазымдық оқладтардың және еңбекақының, сыйақының мөлшерлерін белгілеу;
- 10) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, еңбекақысының мөлшері мен талаптарын, ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне берілетін сыйақының мөлшерін анықтау;
- 11) Бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызметтерінің төлем мөлшерін белгілеу;
- 12) Сақтық капиталының жұмсалыу тәртібін белгілеу;
- 13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған президенттің Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдаған құжаттары жатпайды);
- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;
- 15) Қоғамның басқа ұйымдарды құруы және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 16) Жеке меншік капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын көлемге Қоғамның міндеттемелерін ұлғайту;
- 17) Бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда, Қоғамның тіркеушісін сайлау;
- 18) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтің, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпия ақпаратты анықтау;
- 19) Ірі мәмілелерді және Қоғам жасауға мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 20) бизнес-жоспарды бекіту;
- 21) директорлар кеңесімен бекітілетін президенттің шешімдері және Қоғамның басқа лауазымды тұлғаларының актілері мәселелерінің тізімін анықтау;

- 22) осы жарғымен және Заңмен берілген құзыретті бұза отырып жасалған президенттің кез-келген шешімін немесе Қоғамның лауазымды тұлғасының актісінің заңды күші жоқ деп тану;
- 23) Заңмен және осы Жарғымен акционерлер жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.
- 11.3. 11.2-Баптың 1)-22) т. аталған мәселелер директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған, сондықтан президенттің қарауы үшін берілмейді. Директорлар кеңесі өз шешімімен өзінің ерекше құзыретіне жатқызылмаған өкілеттіктерінің бір бөлігін Қоғамның президентіне беруге құқылы.
- 11.4. Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысымен Қоғам президентінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді, сондай-ақ акционерлер жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқықсыз.
